

## **Железин ауданы Башмачин селолық округі Кузьмино селосының көшесін қайта атау туралы**

Павлодар облысы Железин ауданы Башмачин селолық округі әкімінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы № 01 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 наурызда № 5394 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Кузьмино селосы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Башмачин селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Железин ауданы Башмачин селолық округі Кузьмино селосындағы "Мира" көшесі "Бейбітшілік" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Селолық округінің әкімі*

*Б. Аипов*